Боранқұл ауылы бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысының Хаттамасы

Боранқұл ауылы № 2 23.02.2026 жыл

Боранқұл ауылында жергілікті қоғамдастық жиналысқа қатысуға құқығы бар мүшелерінің жалпы саны: 10 адам

Қатысқандар: 1. Саденов Омар Жұмаханұлы
2. Қазиев Бекбол Біржанұлы
3. Жұбаниязов Өтеғали
4. Аккаюов Марат Нургазымович
5. Коспаков Ануарбек Утегенович
6. Акмурзиев Асылбек
7. Маймолдиев Марат Ботабаевич
8. Рабаев Смайыл Төлепұлы
9. Космуратов Рамазан Утепович

Жиналысқа қатысқан: ауыл әкімі- **Сиық Айтбай Сиықұлы**

Күн тәртібі

Боранқұл ауылының аумағындағы тазалық жұмыстары туралы мәселесін талқылау.

Тыңдалды:

Маймолдиев Марат – ауыл тұрғыны:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша, жергілікті қоғамдастық мүшелерінен дұрыс шешім қабылдану керек.

Боранқұл ауылының тазалық мәселесі басты назарда тұрған мәселе екендігі туралы түсінік берді.

Сөйлегендер:

А.Акмурзиев: Ауылымызда тазалық жұмысы ұдайы жүргізіліп, бақылауда болу қажет. Қазір айналамыз толған қоқыс. Ол қоқыстар ауылымыздың экологиялық жағдайына қатты әсер етіп отыр.

А.Коспаков: Бүгінгі таңда ауыл аумағында тұрмыстық қатты қалдықтар мен көң көбілер шашылып жатыр.

Осы уақытқа дейін тазалық жұмыстарын жасаған мердігер мекемелер жұмыс барысында әртүрлі қиындыққа тап болып, тазалықтың сапалы жасалуына кедергі болды.

А. Сиық – ауыл әкімі: Аталған жұмыстарды орындау үшін біршама уақыт керек.

Әуелі бұл жұмыстарға арнайы смета жасау қажет. Содан соң мемлекеттік сатып алу порталы арқылы бағалауға жіберіліп, жеңімпаз анықталады.

Анықталған жеңімпаз мердігермен содан соң келісім-шарт жасалып, жұмыстар атқарылады.

Маймолдиев М: Ауыл аумағына тазалық жұмыстарын тез әрі сапалы жасау үшін 2026 жылғы мемлекеттік сатып алу заңына енгізілген өзгерістерді пайдаланып тазалық жасайтын мердігер мекемені өзіміз таңдап, тез арада бір көзден келісім шарт жасау қажет.

Қолдаушылар – 10
Қарсы – жоқ
Қалыс қалған – жоқ

Жергілікті қоғамдастық жиналысы шешім етті:

1. Ауылда тазалық жұмыстарын басты назарда ұстау. Жұмысты сапалы жасау мақсатында 2026 жылғы мемлекеттік сатып алу заңына енгізілген өзгерістерді пайдаланып тазалық жасайтын мердігер мекемені өзіміз таңдап, тез арада бір көзден келісім шарт жасалсын. Жергілікті қоғамдық мүшелері бір ауыздан қолдап, осы айтылған мәселелердің тез арада орындалуын ауыл әкімінің қадағалауын ұсынамыз.

2. Жергілікті қоғамдық жиналысының хаттамасы тиісті ұсыныс енгізу үшін «Боранқұл ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне жолдансын.

Жиналыс төрағасы **О.Саденов**

Жиналыс хатшысы **Р.Космуратов**